

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 315 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 448 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.05.2013 N 448 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 44, 441-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

кіріспеде "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 - 2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтерін белгілеу, келісу ж ә н е б е к і т у е р е ж е с і н д е :

к і р і с п е д е :

"Конституциялық заңына," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексiне ," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығына" деген сөздер " Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына " деген сөздермен ауыстырылсын;

", Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына " деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетке аударуға жататын таза табысының бір бөлігін есептеу меншік капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Кәсіпорын меншік капиталының мөлшері мемлекеттік бюджетке

аударуға жататын таза табыстың бір бөлігіне жүргізілген есептеу нәтижесінде теріс болса жүргізілмейді." ;

6-тармақтағы "қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің деректері және бухгалтерлік теңгерім" деген сөздер "есепті кезең үшін кірістер мен шығыстар туралы есеп деректерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бекітетін" деген сөздер алынып тасталсын;

9-тармақтағы "әкімшілік" деген сөз алынып тасталсын;

10-тармақтағы "Қаржылық бақылау" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдың 2-бағаны "әлеуметтік қорғау" деген сөздерден кейін ", қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 2-бағаны "; Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервін қалыптастыру және сақтау" деген сөздермен толықтырылсын ;

реттік нөмірі 8-жолдың 2-бағаны "кадастрды" деген сөз "және жер кадастрларын, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі